

12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 681 Қаулысы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 19 шілдедегі
N 681 қаулысымен

бекітілген

12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р / с N №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)
1	2	3	4	5	6
1. Нормативтік құқықтық актілердің қолданыстағыларын жетілдіру және жаңаларын әзірлеу					
1.	Оқушыларды бейіналды дайындау және жоғарғы сынып оқушыларын бейінді оқыту тұжырымдамасын әзірлеу	Алқа қаулысы	БҒМ	2006 жылғы IVтоқсан	Талап етілмейді
2.	12 жылдық мектептің бірінші сыныбына балаларды қабылдау ережесін әзірлеу және бекіту	Бұйрық	БҒМ	2007 жылғы IIтоқсан	Талап етілмейді
3.	Кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарына білім алушыларды	Бұйрық	БҒМ		Талап етілмейді

	кабылдаудың үлгі ережесін әзірлеу және бекіту			2008 жылғы I тоқсан	
4.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, жалпы орта және қосымша білім беру жүйелерінің педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына (ҚР БҒМ 2002 жылғы 27 тамыздағы N 629 бұйрығы) өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Бұйрық	БҒМ	2008 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді
2. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету					
5.	Бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту	Бұйрық	БҒМ	2006 жылғы III тоқсан	Талап етілмейді
6.	Негізгі мектеп оқушыларын бейіналды дайындауды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту	Бұйрық	БҒМ	2006 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді
7.	Жоғарғы мектепте, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту	Бұйрық	БҒМ	2006 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді
8.	Қолданбалы-ғылыми зерттеулерді жүргізу: мектепке дейінгі тәрбие мен 12 жылдық мектептің бастапқы сатысының сабақтастығының психологиялық-педагогикалық негіздерін әзірлеу; 12 жылдық мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастыру бағдарламасын әзірлеу; 12 жылдық мектептегі оқытудың педагогикалық технологиялары бойынша»" Мұғалім портфелі"» материалдар пакетін әзірлеу мен бекіту; 12 жылдық оқыту жағдайында білім беру ұйымдарында әдістемелік қызметтің моделін әзірлеу	Бұйрық	БҒМ	2007 - 2008 жылдар	РБК шешімі

9.	Даму мүмкіндігі шектеулі мектеп жасындағы балалар, олардың ерекше қажеттіліктері және көрсетілген қолдау туралы деректер банкін құру	Деректер банкi	Б Ғ М ОблБД(Б), Астана, Алматы қалаларының БД	2007 - 2008 жылдар	Талап етілмейді
10.	Инновациялық педагогикалық идеялар мен технологиялардың деректер банкін құру	Деректер банкi	БҒМ	2007 жылғы III тоқсан	Талап етілмейді
3 .					
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету					
11.	12 жылдық мектептің жоғарғы сатысында бейіндік оқытуды енгізу жөнінде эксперименталдық алаңдарды ұйымдастыру туралы ұсынысты РБК-нің қарауына енгізу	Бюджеттік өтінім	БҒМ	2006 жылғы II тоқсан	РБК шешімі
12.	Мектеп кітапханалары үшін автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйені әзірлеу және қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды РБК-нің қарауына енгізу	Бюджеттік өтінім	БҒМ	2006 жылғы II тоқсан	РБК шешімі
13.	Бейіндік білім беруді ұйымдастыру мақсатында бейіндік мектептерді, мектеп-интернаттарды, ресурстық орталықтарды салу және ашу жөніндегі ұсыныстарды РБК-нің қарауына енгізу	Бюджеттік өтінім	БҒМ	2006 жылғы II тоқсан	РБК шешімі
14.	Арнаулы пәндер кабинеттері мен кәсіптік-техникалық мектептердің шеберханалары үшін оқу-көрнекі құралдарын сатып алу жөніндегі ұсынысты РБК-нің қарауына енгізу	Бюджеттік өтінім	БҒМ	2006 жылғы III тоқсан	РБК шешімі
15.	Бейіндік мектептерді физика, химия, биология кабинеттерімен кезең-кезеңмен қамтамасыз ету жөніндегі ұсынысты РБК-нің қарауына енгізу	Бюджеттік өтінім	БҒМ	2006 жылғы II тоқсан	РБК шешімі
4. Кадрлық қамтамасыз ету					
16.	"Болашақ" бағдарламасы бойынша шет елдердегі жоғары оқу орындарында мамандарды даярлау" республикалық бағдарламасының шеңберінде	Бұйрық	БҒМ		

	орта білім беру ұйымдары және педагогикалық жоғары оқу орындары үшін педагогикалық кадрларды даярлау			2006 - 2008 жылдар	РБ 020 бағдарламасының шеңберінде
17.	12 жылдық мектеп үшін педагогикалық кадрларды даярлау және жаңа педагогикалық мамандандықтарды енгізу мақсатында: үздіксіз педагогикалық білім берудің мазмұны мен құрылымын жетілдіру; педагогикалық білім берудің кәсіптік-білім бағдарламаларын пысықтау	Бұйрық	БҒМ	2006 - 2008 жылдар	Талап етілмейді
18.	Қазақстан Республикасында педагогикалық кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу және бекіту	Бұйрық	БҒМ	2006 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді
19.	Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институттарының жүйесі үшін 12 жылдық білім берудің мазмұнын құрылымдау жөніндегі модульдерді әзірлеу	Бағдарламалар	БҒМ	2006 - 2007 жылдар	Талап етілмейді
20.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне жиынтық ақпарат ұсыну	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ	Жыл сайын 20 қаңтар және 20 шілде	Талап етілмейді

* Е с к е р т п е :

Жыл сайынғы шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына арналған»"Республикалық бюджет туралы"»Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ОблБД(Б) - облыстық білім департаменттері

(б а с қ а р м а л а р ы)

Астана, Алматы - білім департаменттері

қ а л а л а р ы н ы ң Б Д

РБ - республикалық бюджет

РБК - Республикалық бюджет комиссиясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК